

	УМО по направлению подготовки - Здравоохранение	
	ГУП по программам медицинского образования стоматологического профиля	Редакция: 1 Страница 1 из 1

№ 12 ХАТТАМА

Стоматологиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламалары бойынша ЖБТ отырысы Денсаулық сақтау - даярлау бағыты бойынша

Онлайн

2026 жылғы 07 шілде

ЖБТ төрағасы – Деточкина В.Р.–м.ғ.к., терапиялық және хирургиялық стоматология кафедрасының доценті, «Астана медицина университеті» КЕАҚ Стоматология мектебінің деканы.

ЖБТ төрағасының орынбасары – Сулейменова Д.М., м.ғ.к., «Семей медицина университеті» КЕАҚ Стоматологиялық пәндер және бет-жак хирургиясы кафедрасының доценті.

ЖБТ хатшысы – Акжигитова Э.Н., «Астана медицина университеті» КЕАҚ Стоматология мектебінің бас маманы.

Қатысқандар: Суманова А.М., Калина А.С., Есембаева С.С., Алтынбеков К.Д., Тулеутаева С.Т., Еркебай Р.А., Татыкаева У.Б., Ураз Р.М., Ермуханова Г.Т.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жаңа МЖМБС жобасын, сондай-ақ базалық пәндердің тізімі мен сипаттамасын талқылау туралы.

Бірінші сұрақ бойынша:

ЖБТ төрағасы ЖБТ мүшелерін жаңа Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жобасымен, базалық пәндердің тізімімен және сипаттамасымен таныстырды. «Терапиялық стоматология негіздері» және «Ортопедиялық стоматология негіздері» пәндерінің әрқайсысына 7 кредиттен бөлу, сондай-ақ 9 кредиттің бөлінуі шамадан тыс болғандықтан, «Бас және мойынның клиникалық анатомиясы» пәнінің кредит көлемін қысқарту ұсынылды.

Сөз сөйледі:

Есембаева С.С.: Ұсынысты қолдаймын және «Бас және мойынның клиникалық анатомиясы» пәнінің кредит көлемін 2 кредитке қысқартуды, ал қысқартылған кредиттер есебінен «Балалар стоматологиясы негіздері» және «Хирургиялық стоматология негіздері» пәндерінің кредит көлемін арттыруды ұсынамын.

Төлеутаева С.Т.: Иә, стоматологиялық пәндерге көбірек кредит бөлу қажет.

Суманова А.М.: «Терапиялық стоматология негіздері» және «Ортопедиялық стоматология негіздері» пәндеріне 7 кредиттен сақтауды ұсынды, себебі 6 кредит теориялық және практикалық материалды толық

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	УМО по направлению подготовки - Здравоохранение	
	ГУП по программам медицинского образования стоматологического профиля	Редакция: 1 Страница 2 из 1

менгеруге жеткіліксіз. Сондай-ақ тек «Бас және мойынның клиникалық анатомиясы» пәніне 9 кредит бөлудің орнына «Стоматологиядағы анатомиялық-физиологиялық негіздер» модулін енгізуді ұсынды. Аталған модуль құрамына «Бас және мойынның клиникалық анатомиясы» – 5 кредит және «Жақ-бет аймағының физиологиясы» – 4 кредит енгізілуі тиіс. Сонымен қатар, бұл ұсыныстарды оқу жоспары бекітілгенге дейін әзірлеушілерге шұғыл түрде жолдау қажеттігін атап өтті.

ШЕШІМ:

1. Көрсетілген ұсыныстарды, базалық пәндердің тізімі мен олардың сипаттамасын қарастыру үшін МЖМБС әзірлеушілеріне жолдау. (1-қосымша)

ЖБТ төрағасы
ЖБТ хатшысы



Деточкина В.Р.
Акжигитова Э.Н.